

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы
22 қаңтардағы № 35 бұйрығымен бекітілген тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының Қорғаныс
министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына оқуға
қабылдау Қағидаларынан үзіндісі**

**3. Техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беру
бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнына оқуға
қабылдау тәртібі**

**§ 1 параграф. Техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беру
бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнына оқуға
кандидаттарды іріктеу тәртібі**

19. Техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын ҚР ҚМ-ға ведомстволық бағынысты әскери оқу орны – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ш. Уәлиханов атындағы Кадет корпусына (бұдан әрі – Кадет корпусы):

1) әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма бір жастан үлкен емес азаматтар;

2) әскери қызмет өткерген азаматтар және оқуға түсетін жылы жиырма төрт жасқа толғанға дейін мерзімді әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілер;

3) жиырма бес жасқа толғанға дейін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер оқуға түседі.

20. Оқуға түсушілер Кадет корпусының қабылдау комиссиясына осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесін ұсынады.

Қабылдау комиссиясына толық құжаттар тізбесін ұсынбаған оқуға түсушілер қабылдауға жіберілмейді.

21. Жетім балалар және олардың ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе одан айырылуына, ата-аналарының хабарсыз кетті деп танылуына, олардың қайтыс болды деп туралы жариялануына, еңбекке жарамсыз (шектеулі еңбекке жарамды) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баланы тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан бас тартуына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартқанына байланысты ата-анасының біреуінің немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ ата-ана қамқорлығының болмауының өзге де жағдайларында қосымша осы Қағидаларға 2-қосымшаға

сәйкес ата-ана қамқорлығының болмауы дәйегін растайтын құжаттардың бірінің түпнұсқасын және оның көшірмесін ұсынады.

22. Әскери қызметшілердің балалары қосымша ата-анасының әскери қызметші ретіндегі мәртебесін растайтын құжаттардың бірін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұсынады.

§ 2 параграф. Техникалық және кәсіптік білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орнына қабылдау үшін құжаттарды ұсыну тәртібі

23. Әскери қызметшілер тарапынан оқуға түсуші Кадет корпусына оқуға түсу үшін қабылдау жылының 1 маусымына дейін әскери бөлім командирінің атына қабылдау жылының 1 шілдесіне дейін оған оқу демалысын беру туралы баянат жазады.

Әскери бөлімнің командирі «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – ҚР ҰҚО туралы Заң) 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, үлгерімнің кемінде 3.5 орташа балы бар білімі туралы құжаты бар оқуға түсушілерге оқу демалысы беріледі және олар қабылдау жылының 25 шілдесіне дейін Кадет корпусына келеді.

24. Мектеп және «Арыстан» мамандандырылған лицейінің бітірушілері қатарынан оқуға түсуші Кадет корпусына оқуға түсу үшін қабылдау жылының 1 сәуіріне дейін өзінің білім беру ұйымы басшысының атына өтініш береді.

Білім беру ұйымының басшысы мыналар:

- 1) ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру;
- 2) Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту;
- 3) Ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі – ҰБТ) тапсыру;
- 4) кәсіби-психологиялық тестілеуді тапсыру;
- 5) дене дайындығы бойынша нормативтерді тапсыру жұмыстарды ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, аттестаттың кемінде 3.5 орташа балы бар бітірушілер комиссияға кәсіби-психологиялық тестілеу мен дене дайындығы бойынша нормативтерді тапсырады. Оларды тапсыру нәтижелері қабылдаудың I және II кезеңдерінің нәтижелері болып табылады.

Қабылдаудың II кезеңінен өткен бітіруші қабылдаудың III кезеңінен өту үшін қабылдау жылының 30 шілдесіне дейін Кадет корпусына келеді.

25. Азаматтар қатарынан оқуға түсуші Кадет корпусына оқуға түсу үшін қабылдау жылының 1 мамырына дейін тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі бөлім (басқарма) бастығының атына өтініш береді.

Қорғаныс істері жөніндегі бөлім (басқарма) бастығы ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру және Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды, үлгерімнің кемінде 3.5 орташа балы бар білімі туралы құжаты бар оқуға түсушілер қабылдау жылының 20 шілдесін қоса алғанда Кадет корпусына келеді.

26. Қабылдау кезеңінде оқуға түсушілер Кадет корпусының аумағына орналастырылады және Бейбіт уақытқа арналған «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 353 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11844 болып тіркелген) Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-асүйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормалары (бұдан әрі – жабдықтау нормалары) бойынша тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

27. Кадет корпусына қабылдау мынадай ретпен жүзеге асырылады:

1) бастапқы іріктеу кезеңі – Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес алдын ала медициналық куәландыру және ҚР ҰҚО туралы Заңға сәйкес арнайы тексеру жүргізу (өтініш (баянат) беру орны бойынша);

2) I кезең – қабылдау жылының 20 – 30 шілдесін қоса алғандағы кезеңде Кадет корпусында өткізілетін алдын ала кәсіби-психологиялық іріктеу;

3) II кезең – қабылдау жылының 20 – 30 шілдесін қоса алғандағы кезеңде дене дайындығын тексеру;

4) III кезең – қабылдау жылының 1 – 10 тамызды қоса алғандағы кезеңінде өткізілетін Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес түпкілікті медициналық куәландыру;

5) IV кезең – қабылдау жылының 11-19 тамызын қоса алғандағы кезеңінде өткізілетін түпкілікті кәсіби-психологиялық іріктеу;

6) V кезең – қабылдау жылының 20-21 тамызын қоса алғандағы кезеңінде өткізілетін конкурстық іріктеу және оқуға қабылдау.

28. Қабылдаудың әрбір кезеңінен тек бір рет өтуге жол беріледі. Алдыңғы кезеңнен өтпеген оқуға түсуші келесі кезеңге жіберілмейді.

Тиісті деңгейдегі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан
Республикасының Қорғаныс министрлігіне
ведомстволық бағынысты әскери оқу орындарына
оқуға қабылдауқағидаларына
4-қосымша

Кадет корпусына және ЖӘОО-ға түсу үшін құжаттар тізбесі

1. Өтініш (өтініште тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), туған күні, айы және жылы, оқуға түсушінің тұрғылықты жерінің мекенжайы, ата-анасының байланыс деректері көрсетіледі).
2. Жеке куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі).
3. Әскери билет (тек әскери қызметшілер түпнұсқасы және көшірмесі).
4. Білімі туралы құжаттар (түпнұсқасы және көшірмесі).
5. Әскери оқу орнына түсуші азаматтың «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 373 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11846 болып тіркелген) әскери оқу орнына оқуға түсетін азаматты медициналық куәландыру картасы.
6. Сотталмағандығы туралы анықтама.
7. Спорттық дәрежесін, ағымдағы жылы орындаушылардың республикалық немесе халықаралық конкурсындағы, жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиададағы, сондай-ақ ағымдағы жылғы жалпы білім беру пәндері бойынша Президенттік не республикалық олимпиададағы жүлделі орнын растайтын құжат (бар болған кезде).
8. Жеке ісін ресімдеу үшін қағаз папка және екі түссіз файл.
9. Ата-анасының жеке куәліктерінің көшірмелері.
10. 3x4 көлемді төрт фотосурет.